

Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Жамбыл облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесі.

## МАЗМҰНЫ

	Кіріспе.....	3
1	«Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Жамбыл облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесі.....	5
2	Атмосфералық ауа турлы түсінік.....	8
2.1	Топырақ – биосфера компоненті.....	11
2.2	Су ресурстары.....	15
	ҚОРЫТЫНДЫ.....	18
	ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	19

## Кіріспе

Мен, Тұрғынбаев Жәнібек «Су шаруашылығы, экология және құрылыс» факультеті, «Экология» мамандығының 4-курс білімгері 2020 жылдың қаңтар айының 20 жұлдызынан- 2020 жылдың ақпан айының 26 жұлдызына дейінгі аралықта өндірістік іс- тәжірибеден өттім.

**Өндірістік тәжірибе оқу процесінің мақсаты-** студенттің университет қабырғасында алған теориялық білімін тандаған мамандығы бойынша өндірістік жағдайда тәжірибелік жұмыспен бекіту болып табылады.

### **Өндірістік тәжірибенің міндеттері:**

-Практика және технологияның барлық бөліміне қатысты қолда бар жоба, конструкция, техникалық схема, анықтама және нормативтік құжат бойынша, қауіпсіз бөлімі бойынша, жарлық өндірістік және қызметтік тіркеу бойынша өндіріс және қадағалаушы, тексеруші қызметпен біргелікті жұмыс істеу әрекетімен танысу.




# **1 «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ЭКОЛОГИЯ ДЕПАРТАМЕНТІ» мемлекеттік мекемесі**

Тараз қаласындағы «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министірлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Жамбыл облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесіне зерттеу тәжірбиесін өтуге жолдама берілді. Мекеменің заңды мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі 42 а. Байланыс телефондары: Қабылдау бөлмесі: 8 (7262)45-63-97.

Экология департаментінің тарихы 1988 жылдың тамызынан басталды. 1988 жылдың 7 қаңтарынан СССР Министрлер Кеңесінің бұйрығына сәйкес «Ел табиғатын қорғауды түбегейлі қайта құру туралы» №32 бұйрығы қабылданды. 10 жыл ішінде келесі құрылымдық және ұйымдастырушылық өзгерістер болды.

СССР-ң Министрлер Кеңесінің №35 Бұйрығына сәйкес, 1990 жылдың 10 қаңтарынан бастап, «Елдегі мемлекеттік бақылаудың ұйымдастырушылық және қызметтік органдарын қайта құру туралы» жарғысы жасалды. Халық депутаттарының Жамбыл олыстық кеңесінің ХХІ шақырылымының шешімімен 1990 жылдың 3 маусымынан бастап табиғатты қорғау комитеті экология және табиғатты пайдалану комитеті болып өзгертілді.

2014 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің №11 бұйрығымен қоршаған ортаны қорғау саласында аймақтық департаменттердің ережелерін бекіту туралы бұйрығы негізінде Жамбыл облысы бойынша экология департаментінің Ережесі бекітілді.



Экология департаментінің зертхана аналитикалық бөліміне келіп, тәжірибе жетекшісі Назарбеков Ж. ағаймен таныстық. Тәжірибе жетекшісі техника қауіпсіздігі ережесімен таныстырды. Сонымен қатар, зертхана- аналитикалық бөлімінің мақсаты мен міндетін шолып айтты. Зертхананың шығу тарихына қысқаша тоқталып, ондағы жұмысшылар құрамымен таныстырды. Бізді атмосфераның қорғау секторымен, су ресурстарының ластануын бақылау секторларымен және топырақтың ластануын бақылау секторларымен таныстырды. Секторлардың жұмыс бағытымен танысып, зертханада орналасқан құрал - жабдықтардың жұмыс істеу принципімен таныстық



## 2 АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА ТУРЛЫ ТҮСІНІК

Құрғақ атмосфералық ауаның 99,9% көбі азот, оттегі және аргоннан тұрады. Тек 0,1% көміртегі диоксиді, криптон, неон, гелий, ксенон және сутегі үлесіне келеді. Бірақ таза ауаның құрамында да көміртегі оксидінің, озонның, азот оксидтерінің және аммиактың, (0,003-0,25 мг/м<sup>3</sup> дейін) сонымен қатар метан мен сутектің 0,5-1,5 мг/м<sup>3</sup> мөлшері бар. Ауада осы газдардың шамалы мөлшерінің болуы, атмосфераның жоғары қабаттарында бос озонның, сонымен қатар шіру және ыдырау үрдістерімен (аммиак, метан, көміртегі оксидтері және азот) немесе атмосфералық құбылыстарымен (азот диоксиді) түсіндіріледі. Қалған басқа қосылыстар (қатты, сұйық, газ тәрізді заттектер, атмосфераның табиғи құрамын өзгертетін), әртүрлі көздерден ауаға түсетін, (негізінен антропогенді) ластаушылар деп классификацияланады.



## Қорытынды

«Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Жамбыл облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесінде тәжірибеден өттім. Экология департаментінің зертхана аналитикалық бөліміне келіп, тәжірибе жетекшісі Назарбеков Жахангир ағаймен таныстық. Ағайымыз бізді жылы шыраймен қарсы алды. Зертхананың шығу тарихына қысқаша тоқталып, ондағы жұмысшылар құрамымен таныстырды. Бізді атмосфераның қорғау секторымен, су ресурстарының ластануын бақылау секторларымен және топырақтың ластануын бақылау секторларымен таныстырды. Секторлардың жұмыс бағытымен танысып, зертханада орналасқан құрал - жабдықтардың жұмыс істеу принципімен таныстық.

Бізге табиғат үшін атмосфералық ауаның маңызы ерекше және әртүрлі екендігін түсіндірді. Ол, біріншіден, фотосинтез үшін көмірқышқыл газының және тыныс алу үшін оттектің көзі. Ол тірі организмдерді космостық сәулелерден қорғайды, Жерде жылуды сақтайды, климатты реттейді, зат алмасудың газ тәрізді өнімдерін қабылдайды, планетада су буларын тасымалдайды, бұлт, жауыншашын түзілетін және басқа да метеорологиялық процесстер жүретін орын, ұшатын организмдер үшін тіршілік ортасы болып саналатын, топырақтың құнарлылығына әсер етуі туралы қызықты деректерді білдім.



## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.«Қазақстан Республикасы қоршаған ортаны қорғау министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Жамбыл облысы бойынша экология департаменті» мемлекеттік мекемесінің мұрағаты

1. «ҚР-ң Экологиялық кодексі» 6.01.2007ж.
2. А.Ж.Акбасова Г.Ә.Саинова «Экология»Алматы, 2003ж.
3. Асқарова Ұ. Б. «Экология және қоршаған ортаны қорғау» Алматы,2004ж.
4. Канаев А.Т., Сагындыкова С.З. «Экология окружающей среды Казахстана». Алматы, 2002 г